

ТЕМІРБЕК ҚОЖАКЕЕВТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

«Тұран» университеті

Журналистика мамандығының 2 курс студенті

Айгерім Әмір Алтынбекқызы

Жетекші: Әлміш Жадыра Талғатқызы

Аңдатпа: Мақалада сатираның жолын саралатқан Темірбек Қожакеевке оның шығармашылығы мен жасаған жұмысына зерттеу жүргізіледі. Журналистика саласында сатира жолында атқарған қызметі мен оның бүгінгі күні маңыздылығы туралы баяндалады. Мақала кіріспе негізгі қорытынды бөлімнен тұрады. Ғылыми мақалада Темірбек Қожакеевтің журналистика тарихында атқарған ерен еңбегі мен бүгінгі ұрпақ санасында алатын орыны айқындалады. Еңбек жолында ашқан жаңалықтары мен ғылымға қосқан зор үлесі осы жолдағы еңбектері зерттеледі.

Түйін сөз: Сатира, Қазақ жазба әдебиеті, ғылыми еңбектер, энциклопедия, еңбек жолы, үлес, маңыздылық.

Аннотация: В статье проводится исследование творчества и творчества Темирбека Кожакеева проанализировавшего путь сатиры. Будет рассказано о деятельности в сфере журналистики, сатиры и ее важности на сегодняшний день. Статья состоит из вводной основной заключительной частей. В научной статье раскрывается заслуга Темирбека Кожакеева в истории журналистики и место которое он занимает в сознании современного поколения. Его трудовые открытия и большой вклад в науку исследуются в этой области.

Ключевые слова: сатира, казахская письменная литература, научные труды, энциклопедия, трудовой путь, вклад, значимость.

Annotation: The article examines the creativity and creativity of TemirbekKozhakeev, who analyzed the path of satire. It will be told about the activities in the field of journalism, satire and its importance today. The article consists of introductory, main, and final parts. The scientific article reveals the merit of TemirbekKozhakeev in the history of journalism and the place he occupies in the consciousness of the modern generation. His labor discoveries and great contributions to science are being investigated in this area.

Key words: satire, Kazakh written literature, scientific works, encyclopedia, career path, contribution, significance.

Кіріспе бөлімі

Қазақ жазба әдебиетінде тасқа қашалып орын алатындай ерекше жанрды еңбекбен арқалап әкелген Темірбек Қожакеев ғылымда өз атын қалдырды. Сатира жанрында көлемді, ғылыми маңызы зор мақалалар мен энциклопедиялар жарық көрді. Осы бір энциклопедияларының астарында терең тағылым мен ғылыми ізденіс жатыр. Оны ұғынған адамға сатира жанрының мүдірмес айқын беті мен жанрдың ерекшелігі айқындалған. Темірбек Қожакеевтің шығармашылығын жалынды жастарға таныту тамыры терең еңбектерінің мазмұнымен таныстыру ғылыми мақаланың басты зерттеу объектісі болып табылады. Негізгі бөлімде Темірбек Қожакеевтің шығармашылығына сыр шерткенде нақты жазған ғылыми еңбектеріне тоқталып оған ғылыми әдістермен зерттеу жүргізіледі. Кіріспе бөлімде ғылыми жұмыстың мақсаты мен міндеті, өзектілігі мен зерттеу объектісін, мазмұнын қарастырдық.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Сатира жолын саралатқан, ғылымға зор үлес қосқан нар тұлға Темірбек Қожакеевтің өмірбаяны мен шығармашылығын ауыз толтырып айтатындай бар. Оның өнегелі өмірінің әрбір сәті кейінгі ұрпақ зерттеушілері үшін таусылмас тақырып болары анық. Әрдайым сөзі ісіне сай жүретін Темірбек Қожакеев өзгеге қойған талаптардың бәрін алдымен өзі орындады.

Темірбек Қожакеев- 1926 жылы Жамбыл облысы, Меркі ауданында дүниеге келген. Ғалым, филология ғылымдарының докторы. Ол қазақ ғылымның толысуына үлкен үлес қосқан жан. Ұзақ жылдар бойы әл-Фараби атындағы ҚазНУ-де қызмет атқарды. Қазақ сатирасы негізінді әртүрлі еңбектер жазды. 1947-1948 жылдары Меркі аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі қызметін атқарған ол айрықша ұйымдастырушылық қабілетімен танылады. 1953-1972 жылдары қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетінің оқытушысы және доценті болып қызмет етеді. Одан соң ұзақ жылдар бойына осы факультеттің тізгінін ұстайды.

Темірбек Қожакеев тек ғылымға ғана емес, сатира өнерінің саралануына да өз үлесін қосқан жан. Қазақ ғылымы мен қазақ қоғамның даму жолында көптеген еңбек сіңірді. Ол сатира мен қазақ менталитетін байланыстыра отыра біздің жұрттағы тіл-тазалағына аса мән берген. Әл-Фараби атындағы ұлттық университетте ұстаздық ете жүріп шәкірттерін эстетикалық ілімге баули білді. Сол қара шаңырақ ордасында 17 жыл декан болды.

Бүгінде Темірбек Қожакеевтің ұстаханасынан шыққан шәкірттердің қай-қайсыда көш бастап тұр. Олар өмірге қанат қақтырған ұстаздарының өз ісіне деген адалдығын, тәлім-тәрбиеге талапшылдығын шынайы жанашырлығын сағынышпен еске алады. Елдің ертеңіне алаңдайтын Темірбек Қожакеевтің өмірінде қиын қыстау кезеңдер де болды. Алайда, хакім атанған Абай да “мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма”-деп жырлаған болса тіршілігінде сынақтың көп болуы тау тұлғаларға ортақ тағдыр болса керек.

Қазақ ұлттық университетінен түлеп ұшқан, журналистика саласындағы аға-ұстаз, нар тұлға. Осы алтын уақыт аралығында қаншама дарынды журналистерді тәрбиелеп шығарған Темірбек Қожакеев журналистика ақсақалы. 1986 жылы Желтоқсан көтерілісінен кейін қазақтың көптеген нарқасқа ұлт зиялылары үшін ауыр күндер басталып, бұл қуғын-сүргінді профессор Темірбек Қожакеев те көріп, партия қатарынан шығарылды, қызметінен шеттетілді. Бір өзі ғана емес, бүкіл ұлт зиялыларына төнген қара бұлтты ауыр кезеңдер қайсар профессордың сағын сындыра алмады, өршелене аққан асау өзенге қарсы жүзіп, ғалым ретінде көптеген құнды еңбектер жазды. Қазақстан Жазушылар одағының жанынан ашылған сықақшылардың «Найзагер» қауымдастығын ашып, ұлттық сатира-юмор жанрын дамытуға елеулі үлес қосты.

Қазақ сатирасының тарихын зерттеп, бір жүйеге түсірді. Әрбір студент қазірде еңбектерін оқулық ретінде пайдаланып жүр. Құнды деректер мен сананы байытқан Темірбек Қожакеевтің жазған еңбектеріне тоқталсақ.

Қазақ әдебиеттану ғылымында сатираны, оның негіздері мен дамуын, жанрлық ерекшеліктері мен жүйесін жан-жақты зерттеген ғалым ретінде Темірбек Қожакеев қай кезде болмасын бірінші аталады. Оның «Сатира негіздері» монографиясы – көп жылдық зерттеудің жемісі. Қазақ сатирасы мен юморының теориялық негіздері мен қалыптасу кезеңдерін саралауда, әлемдік әдеби дәстүрмен сабақтас көкейкесті мәселелері мен жеке авторлар шығармашылықтарындағы көркемдік ізденістерін айқындауда, бүгінгі таңдағы көкейкесті жайларын анықтауда ғалым жүйелі еңбектенді, маңызды ғылыми тұжырымдар жасады. Сондықтан да Т.Қожакеев еңбегі басшылыққа алынуға тиісті фундаментальды зерттеу деп есептеп, еңбекті негізге ала отырып, кейбір ой-пікірлерімізді білдіреміз.

Ең алдымен оның қазақ сатирасы туралы сүбелі еңбектерін атап өткен абзал. Ол – «Фельетон мәселелері», «Қазіргі қазақ сатирасы», «Қазақ сатирасы», «Абай – сатирик», «XX ғасыр басындағы қазақ сатирасы», «Қазақ совет сатириктері», «Сатира және дәуір», «Бүгінгі қазақ сатирасының проблемалары», «Адам. Қоғам. Сатира», «Сатиралық жанрлар», «Сатира – күштілер қаруы», «Сатира негіздері», «Сара сөздің сардарлары», «Шалқу сөздер мен шаншу сөздер», «Ескі жылдың есебі», «Өзіңді таны» сынды оқулықтар мен монографиялардың және сатиралық жинақтардың авторы. Ғалым бұл еңбектерінде сатираның пайда болу, қалыптасу және даму заңдылықтарын сараптай отырып, толғамды ой-пікірлері мен парасатты пайымдарын ғылыми негізде дәлелдейді. Сатираның поэзиялық һәм прозалық жанрларының сапалық белгі-қасиеттері туралы нақты тұжырым жасайды.

Ғалымның «Сатира сырлары» атты жинағында ол Абайға дейінгі қазақ сатирасында зерделеп көрсетеді. Мысалы: «Абайға дейінгі дәуір ұлы тарихи оқиғаларға мысалы, XVIII ғасыр қазақ халқының тарихында кескілескен күрес, аласапыран алыс-жұлыс дәуірі болды. Қазақ хандықтарына шығыстан Жоңғар шапқыншылары, тыстан қалмақ феодалдары, оңтүстіктен Бұхар, Хиуа хандықтары шабуыл жасап, жаугершілік істеп жатты. Қазақ хандықтары өз тарапынан қорғану, өзін сақтау күрестерін жүргізді»

Ғұламаның осындай еңбектеріне көз жүгірте отырып, оның тек сатира мен тіл-ғылымы емес сол жолда тарих сахнасында жітік меңгергенін көре аламыз. Автор қазақ сатирасын «Абайға дейінгі» және «Абайдан кейінгі» деп екіге бөліп қарастырады. Осылайша нақты ғасырларда болған түрлі оқиғалар мен алапат соғыстарды сипаттай отырып қазақ сатирасының маңыздылығын ашып көрсетеді. Дәуірлер кезеңі арқылы өз мәдениеті мен әдебиетін қалыптастырған қазақ халқындағы, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, жыр-дастандардың рөлі қаншалықты деңгейде маңызды екенін де қарастырады. Соған қоса ол қазақ сатирасын тек зерттеп қана қоймай оны қатты сынға алады. Бір шығармасында «Көптеген сын-сықақ әлі де нағыз сатира дәрежесіне көтеріле алмаған. Сатирадан гөрі жай сыншылдық, міншілдікке жақын» Яғни қазіргі қоғамдағы жеңіл-желпі мән-мазмұнсыз әзіл-ысқақ театрларына айтылған бір сын деп бағамдауымызға болады. Жалпы әр ұлттың салты басқа болатыны белгілі. Сол арқылы оның концептісін қарастыра аламыз. Бір жұрттың бір жұрттан айырмашылығының мәдениетінде ғана болады. Ал солайырмашылықты айқын көрсететін ол сатиражанры. Атап айтқанда қоғамдағы ақсап жатқан мәселелерді әзіл-қалжың арқылы суреттеп көрсетубұл өнердің басты мақсаты. Жалпы сатираның өз суреттеп отырған оқиғаны, құбылысты немесе кейіпкерді өткір сынға алып, әжуаға айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілі деп бағамдасақ оны қарқалар жүгіде қаншалықты ауыр болатыны сөзсіз. Темір құрсаудың тармағында жатса да қорықпастан өз ақиқатын айта білген қазақ халқының ержүректілігі біздегі сатираның дамуын ілгерлетті.

Қожакеев «Адам. Қоғам. Сатира» еңбегінде атам заманнан бастау алған қазақ жазба әдебиеті мен ертегілерінен сатира жанрымен әуезді етіп байланыстарған. Бұл кітаптан да автор тағы бір мәрте Абай дәуіріндегі сатира жанрын жіті қарастырады. Себебі сол уақыттағы ел ішіндегі алауыздық пен болыс-билердің құйтырқы саясатын сатира жанры қаншалықты деңгейде ашып көрсеткенін жазады. Оған айқын дәлел Абай Құнанбайұлының «Болыс болдым мінеки» «Көкбайға» өлеңдеріеді. Дәл осы өлеңдердің мазмұны мен

идеясын Қожакеев еңбектерінен таба аламыз[1]. Ол кісі осындай ауқымды еңбектер жазып оны тарих пен байланыстырып көрсете білгені бүгінгі ұрпаққа үлкен сабақ болсын дегені. Олай деуімнің себебі сатира деген не? Оның нақты мақсаты мен мәні қандай болуы керек? Осы сұрақтардың барлығына Қожакеев нақты жауап таба алған. Егер бүгінгі сатира саңлақтары осы жолмен дәп осы ізбен жүретін болса онда қазақ мәдениеті қанатын кеңге жая түседі.

Біз «Адам.Қоғам.Сатира» еңбегінен 20 ғасырдағы қазақ сатирасының дамуына ерекше үлес қосқан «Айқап» журналы екенін көреміз. Бұл журнал 1912 жылғы 3 номерінен «фельетон» рубрикасының жарияланғанын, ондасын-сағаттық мақалалармен, сатира жанрындағы қоғамның санасына әсер ете алатын мақалаларыда шығып тұрған екен.

Тұтастай алғанда, Т.Қожакеевтің пайымдауынша, сатира әдебиеттің бір тегі ретінде де көріне алады. Авторлардың бастан-аяқ күлкілі ситуацияға негізделіп, сықақтық уытпен жазылған, таза сатиралық шығармалары әдебиеттің дербес бір тегін құрайды. Мұнда әдебиеттің өзге жанрларына қарағанда өмірді зерттеп білудің, суреттеудің өзіндік эстетикалық принциптері, көркемдік әдіс-амалдары жетекші орын алады. Болмыс-құбылыстарды бағалаудың, танудың ерекше түрлері қолданылады. Қиялдауға, шарттылыққа, кездейсоқтыққа, түсінбестікке, әсірелеуге негізделеді. Шарж, карикатура, гротеск, сарказм, ирония алдыңғы кезекке шығады екен. Осылайша ол сатира жайлы толыққанды зерттеп, оның тарихы мен ертеңін байланыстыра алған, осы ғылым турасында теория жасай алған бірден-бір адам деп ауыз толтырып айтуға әбден болады екен.

Темірбек Қожакеевке қатысты тағы бір дерек ол «Әйел теңсіздігі» туралы қоғамдық пікір талас мәселелері туралы да жазған. Оған дәлел ғалымның «Шалқу сөздер мен шаншу сөздер» атты еңбегі. Бұл туындының бір бөлімінде автор Міржақып Дулатовтың «Бақытыз Жамал» романын тілге тиек ете отырып, қоғамдағы глобальді тақырыпты орынды қозғай білген. 1920 жылы Қазақстан үкіметі қалың малды жою, қыз-келіншектерді еріксіз малға сатуды қою, туралы декрет-низам қабылдады. «Ақ-жол газеті оны 1920 жылы 19 январь күнгі номерінде жариялады. Азаматтың (М.Дулатов –Т.Қ) «Әйел теңдігі» көлемді мақаласын қоса басты [5]. Бұл кітаптан біз автордың зиялы тұлғалар өмірі мен өнерін жіті зерттеген танушы боғанында байқай аламыз. Мысалы осы «Шалқу сөздер мен шаншу сөздер» шығармасында «Міржақып Дулатұлыны Әулиеатаға сапары» «Тағдыр тауқыметін тартқан ақын» «Қаныш Сәтбаев- қаламгер» «Ғ.Мүсіреповтың баспасөзге келуі» «М.Сералин және Айқап» сынды бөлімдері бар. Қазақстанның тарихын жақсы білген сауатты жан екенін осы деректердің өзі растап тұрғандай. В.Г. Белинский журналист деп атап жазған бөлігінде ол тек қазақ емес әлем журналистикасының қыр-сырына да көз тіккенін білдік. Белинскийдің баспасөздегі ерең еңбегін атап, қызмет атқарған газет журналдарын біркелкі тізбектей жазып нақты мәліметтер келтірген. Баспасөз еріккенде оқитын ермек емес. Оқырмандардың қоғамдық, эстетикалық саласын қадыптастыруға патриоттық. Азаматтық күрескерлік оятуға міндетті[5] Темірбек Қожакеев жоқшысы жоқ журналист әңгімесінде журналистиканы қайтсеқ жақсартамыз деген мақсаты болған. Осы турасында әртүрлі деялар айтып. Нағыз журналистің қандай болатыны жайлы да сөз қозғаған. Тіпті мектеп бітіріп, бакалаврға келетін түлектердің тапсыратын емтиханының маңыздылығын аңғарған. Бұл салада сауатты кадрларды дайындау керек деп жазған. Журналистика факультеті студенттердің оқу жағдайы мен білім сапасына баса назар аударған, Мемлекет тарапынан бөліну керек техникалық құрал-жабдықтар қажеттілігінде автор жұмысынан тыс қалмаған. 1993 жылы жазылған бұл бөлімде Қожакеев журналистика шәкірттерін оқытуға білікті мамандар керек екенін, осы жөнінде жаңадаған жоба құрып, қарқынды қайта бастау керек деп ой толғаған. Тілші- тірлігін тірілтіп бұл мамандықты елдің тұғыры болатына ол кісі қатты сенген. Ал бүгінгі күні сол сенімді ақтау болашақ журналистер парызы. Әр заманда және әр салада кез келген мемлекеттің ел тағдыры мен болашағына алаңдайтын, ұлттық мүдде мен ұлттық тарихты жоғары қоятын, сол жолда аянбай еңбек ететін ұлт жанашырларының болуы әлеуметтік заңдылық. Сол секілді қазақ журналистикасының

тарихын тереңінен зерттеп, оның дамуына сүбелі үлесін қосқан зерттеуші-ғалымдардың алғашқыларының бірі Темірбек Қожакеев еді. Оның есімінсіз қазақ баспасөзі тарихын алып қарау мүмкін емес. Қазақ баспасөзі шежіресін зерттеуде Қожакеевтің тың тұжырымдары мен көрсеткен ғылыми ерлігі бүгінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге.

Келесі кезекте Темірбек Қожакеевтің «Абай және Сұлтанмахмұт» еңбегіне тоқталғым келеді. Екі алыптың шығармашылғындағы ұқастықты да зерттеп. Олардың ара-жігін ажырата айқындап жазған. Елдің арлы азаматы болған сонғы Абайдың максат-идея-сы карангы халыққа өнер-білім ұрығын себу, оны оқыту ағарту еді. «Ғылым таппай мақтанба», «Болмасан да ұқсан бак, бір галымды көрсеңіз», «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көніл берсеніз» деп білім-ғылымды талмай насихат тады. «<Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге ұмтыл деп үгіт айтты. Өз балаларын осы ниетпен мектеп, медресеге берді. Сұлтанмахмұт та өзін осы идеяға арнады.[6] Бұл кісі 20 ғасырдағы Абай ілімін жіті зерттеген ауыз толтырып айтарлықтай ғалымдардың бірі болған. Оның әрбір өлеңі мен қара сөздеріндегі толғамдарға түйін жасаған. Осылайша оны өз оқырмандарына ұсынған. Журналистика тарихы үшін беймәлім болып келе жатқан түрлі газет-журналдар туралы айтып, ондағы мақалалар маңыздығын зерттешен. Яғни қандай санында қандай өзекті тақырыптар бар екенін жазып, сол мәселелерді өзі өмір сүрген қоғаммен жіті байланыстырған. Сондай-ақ, жер бетіндегі бейбіт ел саналатын әрбір ұлттың ең маңызды құндылығы тәуелсіздік екенін естен шығармаған, Бір шығармасында ол тәуелсіздікті тұрақтандырудың тартысы жайлы баяндаған. Адамзат тарихында талайдың үстемдікке жетіп, билік қылар баққа ие болғанын, артынша одан бір-ақ сәтте айрылып қалып жататынын көрсеткен, Осыдан Қожакеевтің саясат сахнасынан да алыс болмағанын көрдік. Ол жас мемлекетінің талай сын сағаттарды бастан өткеріп, тәуелсіздігін алып. соны бүгінге дейін сақтап, өркендеп-өсіп келе жатқанына зор ықылас білдірген, Ел таңбасын дүниенің төрт бұрышына жұлдыздай жарқыратты, көк байрағын көкке асқақ көтеріп, Әнұранын әлем төрінде аңыратты, құқықты қоғам құрды ұзап кеткен өркениетке бет бұрды. [5]

Қожакеев әртүрлі салада тың зерттеулер жүргізді. Ол талдаған тақырыптар халықтың игілігі үшін өте маңызды еді. Алтын ғасырында қазақтың ілім білімінің артуына ат салысып, өлмейтұғын асыл қазына қалдырды. Темірбек Қожакеев қазақ журналистикасындағы бірнеше ұрпақты қалыптастырды. Бүгінгі журналистика факультетінің студенттері оның кітаптарын оқып, өз біліктіліктерін арттыруда. Оқытушыдан дәріс алған шәкірттер қауымы оның ғаламдық бейнесін қадір тұтып, ерекше бағалайды. ҚазҰУ-нің журналистика факультетінде профессор Т.Қожакеев атындағы дәрісхана бар. Онда жыл сайын болашақ журналистерге дәрістер жүргізіліп, өмірге қанаттандырып жатыр. Оған қоса өзі туып өскен Ойтал ауылында да, Темірбек Қожакеев атындағы мектеп, көше, тіпті мұражайға дейін бар. Мектеп оқушылары да Темірбек Қожакеев туралы әртүрлі байқаулардан қалыс қалмайтын көрінеді. Ұстаз шәкірттерімен қадірлі! Міне, ұстаз осымен бақытты!

Қорытынды: Темірбек Қожакеев шығармашылығына шолу мен сатира жолына бастауын ашын көрсеттік. Негізгі бөлімде Темірбек Қожакеевтің шығармашылығы мен осы бір сатиражолында сіңірген ерең еңбегін ашып қалыңоқырманға ұсындық. «Адам.Қоғам.Сатира» атты еңбегіне тоқталып, осы жазылған еңбектің қоғамға, қазақ әдебиетіне, сатира жанрында алатын орынын ашып жеткіздік. Қарап отырсақ, Темірбек ағамыз сатираны «Абайға дейінгі, Абайдан кейінгі» деп екіге бөлгенінің өзінде астында үлкен мағына мен мән жатыр. Осының барлығын егжей-тегжейлі, толығымен қалың жұртқа ұсынған, Темірбек Қожакеев – нар тұлға. Оның сатираның сорпасынсапыра ішкенін жазылған еңбек пен дәлелден гентеориялары арқылы көз жеткізе аламыз.

«Ер есімі – ел есінде» – демекші, Темірбек Қожакеевті қазақ әдебиеті мен журналистика өкілдері, қалың жұрт пен келешек ұрпақ ұмытпас. Қазақтың нар тұлғалы, осындай ерекше жанрды ашып зерттеген ағамыздың әдебиет пен журналистика саласында аты тайға таңба басқандай жазылмақ. Қожакеевтің халық мойындаған барша жұрт мойындайтын сіңірген еңбегі зор, сатира жолында үлкен еңбектер жазған бірден-бір қайраткер. Ол сатира жанрын тек қана зерттеп қана қоймай оны іс жүзінде еңбек етіп шығарып, егжей-тегжейлі теория жүзінде іске асырған тұлға. Біз сатира жанрын осы уақытқа дейін қарап жай ғана оның бетін білсек, Темірбек Қожакеевтің еңбектері мен зерттеулерінен кейін сатираның қыр-сырын білеміз. Бұл қалың аудиторияға ашылған үлкен жол. Осы жолды салуға зор үлес қосқан Темірбек Қожакеев өз алдына дара тұлға. Темірбек Қожакеев туралы оның замандастарының да, ізбасар шәкірттерінің де айтары өте көп. Тіпті, қазіргі журналистиканың майталмандары да «Қожакеевтің кадрларымыз»– деп мақтанады. Ендеше өнегелі өмір сүріп, өзінен кейін өлмес мұра қалдырған ғылым-публицист, дара ұстаз Темірбек Қожакеевтің есімі ел жадында мәңгі сақталары сөзсіз!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- [1] Адам.Қоғам.Сатира. 1980 –Алматы**Т.Қожакеев**
- [2] Сатира Сырлары. 2014 Алматы **Т.Қожакеев**
- [3] Сатира жәнеДәуір. 1976 Алматы **Т.Қожакеев**
- [4] <https://elibrary.kaznu.kz/kk/node/11636>**Т.Қожакеев**
- [5] Шалқу сөздер мен шаншу сөздер 2002 Астана - **Т.Қожакеев**
- [6] Абай және Сұлтанмахмұт 1969 Алматы - **Т.Қожакеев**
- [7]Қазақтың ұлттық сатирасы. 2014 Алматы - **Т.Қожакеев.**
- [8]Сатира сардарлары. 1995 Алматы - **Темірбек Қожакеев.**
- [9] <https://egemen.kz/article/292453-qodgakeevtin-h-qundy-qazynasy>